

Г. Сарыева, 3-курс

Ғылыми жетекшісі: С. К. Кульдинова, қылмыстық құқық және кримнология кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты (ҚР ІІМ Алматы академиясы)

ЖАЛҒАН АҚША МЕН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ЖАСАУ ЖӘНЕ САТУ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әліеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп көрсетілген. Олай болса, қылмыспен қарсы күрес жүргізу әр мемлекеттің өзінің құқықтық нормаларына сәйкес іске асырылады және ол қылмыс түрінің саласына қарай дамып, жетілдіріліп отырады.

Елдегі соңғы жылдардағы әлеуметтік саяси және экономикалық жағдайлар құқық бұзушылық санының тұрақты өсуіне алып келді. Солардың ішінде экономикалық қылмыстар қатарында жалған ақша бірліктері және бағалы қағаздарды жасау, сақтау, оларды айналымға жіберу сияқты қылмыстармен күрес өз өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Қазақстанда бағалы қағаз жөніндегі заңдарда, бағалы қағазда көрсетілген мүліктік игіліктерді алу үшін түпнұсқасы көрсету керек делінген. Әрине, мұнда бағалы қағаздың нысанына қарай құжатты және құжатсыз деп бөлінетіндігі ескерілмейді. Егер де бағалы қағаз айналымда құжатсыз нысанда жүрсе, онда пікірталас тумас та еді.

Қазақстан Республикасы аумағында ұлттық чек, вексель сынды құжаттар бағалы қағаздар қатарынан шыққан. Бағалы қағаздың түпнұсқасын шығарып, оны тарату, сату-сатып алуда, талаптың көшу шартын жасауда бірнеше рет шартты жазбаша нысанда қайталап толтырып жатпаудың жолдарын қарастырады. Чек, вексель тек төлем құралы функциясын атқарады, олар бір рет қана түп нұсқа жасауға келмейді. Бірақ та ипотекалық куәлікті тұлғаға әр бергенде (бланкті толтырғанда) құжатты тіркеуден өткізіп отыратындығы назарға алын-

байды. Сондықтан да бағалы қағазда көрсетілген мүлдіктік құқықтарды оның түпнұсқасы куәландырады деген ережені бағалы қағаздың негізгі белгісі ретінде қарау шарт емес. Бағалы қағазға анықтама бергенде жоғарыда аталып кеткен екі аспектіні де ескерген абзал. Бұл заңдық ғалымдардың пікірі. Чек, вексельді дамыған елдерде айналым құжаты, ақшалай құжат, не қаржылық инструмент, классиктік бағалы қағаз ретінде таниды.

Экономикалық қылмыстардан мемлекетке келетін зиянды мамандар жылына оннан аса миллиард теңгеге бағалайды. Экономикалық қылмыстар Республикадағы тіркелген барлық қылмыстардың 10 %-ын құрайды.

Қылмыстылықтың себептері әлеуметтік әдебиеттерде екі бағытта түсіндіріледі: әлеуметтік және биологиялық. Қылмыстылықтың себептері ұғымына қатысты түрлі көзқарастар бар. Бір ғалымдар қылмысқа әсер ететін құбылыстарды себеп пен қылмысқа жол беретін жағдайларға айыру «фактор теориясын» жоққа шығарады, — дей келе, бұл құбылыстарды «фактор» деп атаған. Бір жағдайда фактор — бұл қандай да бір процестің сипаты мен белгілерін анықтайтын, оның қозғаушы күші, себебі болып табылады. Екіншіден, фактор — ол құбылыстың өзгеріп, дамуы кезінде басшылыққа алатын белгілердің жиынтығы, себептердің тобы, «Фактор» — «себеп», «шарттары», жол беретін жағдай», «мән-жайлар» ұғымдарын алмастырушы санат.

Аталған қылмыстармен күресу шараларын жүйелеу қылмыстық нормаларды жетілдіру, зерттеу жұмысының басты мақсаты болып табылады.

Осылай, осы ғылыми мақалада келесідей мәселелер қарастырылады:

1) Жалған ақша мен бағалы қағаздарды жасағаны, сатқаны, не сақтағаны үшін қылмыстық жауапкершілік мәселесін шешу; Қылмыстың объектісін анықтау; Жалған ақша мен бағалы қағаздарды сату, сақтау, жасаудағы қылмыстың затын анықтау; Қылмыстың объективтік жағын анықтау; Қылмыстың субъектісі және субъективтік жағын анықтау.

2) Жалған ақша бірліктері мен бағалы қағаздарды жасау, сақтау, не сату жөніндегі қылмыстардың алдын алудың түсінігі мен оның түрлерін талқылау.

– Жалған ақша мен бағалы қағаздар жасаудың объектісі болып, экономикалық қатынастар табылады. Осы қылмыстардың тікелей объектісі ретінде экономикалық қызмет барысында қалыптасатын және осындай қызметтің нақты бір түрін реттейтін нақты қоғамдық қатынастар көрінеді;

– Жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау мен сату (жалған ақша жасаушылық) атам заманнан бері, барлық елде дерлік ерекше қауіпті қылмыс танылады. Аталған қылмыс жоғары қоғамдық қауіптілікке нарықтық экономиканың қалыптасуы жағдайында, қаржы-несие жүйесінің қалыпты қызметін бұзу және мемлекеттің экономикасы мен нарықтық қатынастарының дамуынан орасан зор зиян келтіру арқылы жетуі мүмкін.

Қорыта айтқанда, жалған ақша бірліктері мен бағалы қағаздардың жасалу, сақталу немесе айналымда болу мүмкіндіктерінің алдын алуда олардың қорғану белгілерін жетілдіру, дәлірек айтқанда техникалық қорғаныс шараларын ұйымдастыру, қай кезеңде болмасын басты күрделі мәселелердің бірі болып қалып келеді.

Жалған ақша бірліктері мен бағалы қағаздарды жасау тарихында қалған кейбір қылмыскерлер жөнінде бірер ой айтсақ. Мұндай тұлғалардың бірі — одақ кезінде дүниежүзіндегі нөмірі бірінші жалған ақша жасаушы Виктор Баранов. Оның арнайы шеберханасы болған. Мұнда қылмыскер теңдесі жоқ полиграфиялық шешімдерді химиялық қоспалар, бояулар мен техникалық құралдарды ойлап тапқан.